

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Ә.Ө. Исекешевтің 2015 жылғы 25 мамырда «Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамыту туралы» тақырыбындағы ҚР Парламент Мәжілісіндегі Үкіметтік сағатындағы баяндамасы

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы!

Құрметті депутаттар!

Жеңіл өнеркәсіп – бұл арасында негізгілерін бөліп алуға болатын ішкі салалардың көп санын біріктіретін кешенді сала: тоқыма (үлесі 49%), тігін (42%), аяқ киім (9%).

2,3-слайд

Қолданыстағы **756** кәсіпорынның**90%-дан** астамы орта және шағын кәсіпорындар құрайды (18 ірі, 57 орта).

2014 жылы жеңіл өнеркәсіптің өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі үлесі 0,34%-ды құрады(2008 -0,2%).

Жеңіл өнеркәсіптің өңдеуші өнеркәсіп құрылымындағы үлесі 2014 жылы 1,11%-ды құрады (2008 -0,82%).

2014 жылдың қорытындылары бойынша жеңіл өнеркәсіп НКИ-і**103,4%-ды** құрады (жоспар – 101,2%), оның ішінде тоқыма бұйымдар НКИ-і– 101,4%, киім – **105,6%**, былғары және оған жататын өнімдер – **108,6%**.

Дайын тоқыма бұйымдар мен киімдер есебі негізінен өсу болды.

2014 жылы салаЖҚҚ27,9 млрд. теңгені құрады (2008 – 24,0 млрд. тг.).

2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда, саладағы еңбек өнімділігі 8,9 мың долл./адам. бастап 8,4 мың долл./адам. дейін азайды.Қысқарту 2014 жылы жүргізілген құнсыздануға байланысты.

2014 жылы Қазақстан Республикасынан жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің экспорты көлемі 175,9 млн. долл. құрады, олардың ішінде55,6%-ы – тоқыма бұйымдар.

Қазақстан Республикасына жеңіл өнеркәсіп өнімі импортының көлемі экспорт көлемінен 12,7 есе артқан 2234,5 млн. долл. құрады.

4-слайд

Кластерлік бастама шеңберінде тоқыма саласын дамыту үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі № 1605 Жарлығымен басты мақсаты тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін жағдайлар жасау және қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті тауарлар өндіруге өтуге арналған алғышаттар жасау болып табылатын «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы құрылды.

2014 жылдың қорытындылары бойынша жалпы инвестициялар сомасы 22 млрд. теңгеге 8 жоба іске

асырылды, өндіру көлемі 6,2 млрд. теңгені құрады, бір жарым мың жұмыс орны ашылды.

Одан басқа, АЭА аумағында жалпы инвестициялар көлемі 89,3 млрд. теңге 10-нан астам жоба әртүрлі іске асырылу сатысында. 2015 жылы 370 жұмыс орнын аша отырып, жалпы құны 4,4 млрд. теңге 2 жобаны пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

Анықтамалық:

2015 жылы «Оңтүстік» АЭА-да 2 жобаны пайдалануға енгізу жоспарланып отыр:

1. Жобаның құны 2,7 млрд. теңге силиконды полиэфир және полипропилен талшық өндірісі («Ансам текстиль» ЖШС), ашылатын жұмыс орындарының саны – 70 бірлік.

2. Синтетикалық иірілген жіп өндіретін цех құрылысы («Бал Текстиль» ЖШС (2-кезек)), жобаның құны 1,7 млрд. теңгені құрайды, ашылатын жұмыс орындарының саны – 300 бірлік.

ОҚО әкімдігі осы аймақты басқару үшін кәсіби шетелдік компанияны тарту жөніндегі мәселені пысықтауда. Ол үшін белгілі бір нақты индикаторлар болады – тартылған инвесторлар саны, ашылған жұмыс орындарының, жаңа жобалардың, өндіру көлемінің және т.с.с. саны. Ағымдағы жылдың басында әкімдік «Шэмрок» түрік компаниясымен меморандумға қол қойды.

Одан басқа, ағымдағы жылдың соңына дейін «Kazneph Invest» АҚсингапурлық «Джуронг» компаниясымен бірлесіп әзірленген АЭА басқарудың жаңа моделін енгізуді жоспарлап отыр.

Осылайша, АЭА жұмысы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін болады.

Былырғы жылдың соңында «Textiles.kz» («Меланж» АҚ, «Ютекс» АҚ) компанияларының капиталына кіру нәтижесінде «Оңтүстік» АЭА-да ұзақ тұрып қалғаннан кейін кәсіпорынды іске қосқан «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жолға қойылған жұмысын айтып кету қажет. Осыған ұқсас практиканың жүктелімі 5%-дан артық алыс-беріс шикізатын уақытша өңдейтін **«Семей тері-былғары комбинаты» ЖШС** толық қуатқа шығуын шешуде іске асырылатындығына үміттенеміз.

5-слайд

Индустрияландырудың алғашқы бесжылдығы шеңберінде жеңіл өнеркәсіп саланы орнықты дамыту мүмкіндігін алды. Іске асыру жылдары өнім өндіру көлемін 2 еседен артық арттырудың сәті түскен 2010-2014 жылдарға арналған Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы қабылданды (2014 жылы 65,8 млрд. теңге және 2008 жылы 27,5 млрд. теңге).

«Даму-Өндіріс» бағдарламасы шеңберінде өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыспен қамтылған жеке

кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін 422,9 млн. тенге сомаға 109 жоба қаржыландырылды.

2009 және 2010 жылдары инвестициялардың күрт серпіні байқалды. Алайда, келесі жылдары төмендеу болды. Талдау төмендеудің отандық өндірушілерді қорғайтын қандай да бір салық немесе тарифтік-реттеу шараларының болмағандығынан болғанын көрсетті. Мысалы, республикада басқа салаларда т/ж көлігімен тасымалдауға, электр энергиясына жеңілдіктер, автомобильдер сатып алған кезде жеңілдікпен несиелер және т.с.с. қарастырылған. Отандық жеңіл өнеркәсіп саласында қандай да бір басымдықтар немесе жеңілдіктер жоқ.

Жеңіл өнеркәсібі сәтті дамыған елдердің әлемдік практикасы жәрдем ақша, салық жеңілдіктері, несиелерді институционалдық қолдау түріндегі мемлекеттік қолдаудың ғана бәсекеге қабілетті өнім шығаруға және сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндік бергендігін көрсетеді.

6-слайд(елдер бойынша жәрдем ақша және жеңілдіктер тізбесі)

Құрметті депутаттар!

Сіздердің барлықтарыңыз Мемлекет басшысының

балалар және балалы отбасылар үшін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын, қауіпсіздігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударып отырғандығын білесіздер.

Тұрғындардың балаларға арналған отандық тауарлармен қамтамасыз етілу жай-күйіне «Балалар тауарлары индустриясының қазақстандық қауымдастығы» өткізген талдау меншікті өндірістердің болмауына байланысты, іс жүзінде барлық қазақстандық нарық импортпен толтырылғанын көрсетті. Балалар тауарларының (киім, аяқ киім) барлық импортының, шамамен, 45%-ы бұқпа саудамен жеткізілген.

Балалар тауарлары саласының қуатты тәрбиелеу құралы болып табылатындығына байланысты, балалардың жеке және психикалық денсаулығын қалыптастырады, көптеген елдерде оны **стратегиялық** санаттарға жатқызады. Мысалға, Ресейде 2013 жылы «2020 жылға дейінгі кезеңде балалар тауары индустриясын дамыту стратегиясы» бекітілді.

Соңғы жылдары балаларда әртүрлі аллергиялық аурулардың қылаң беруі байқалады. Көршілес мемлекеттерден әкелінетін балалар ассортиментінің сапасыз бұқпа сауда өнімі аурулар көзі болуы мүмкін. Импортталатын балалар тауарларының сапасы мен қауіпсіздігіне бақылауды күшейту қажет деп санаймыз.

7-слайд

Мектеп формасымен қамтамасыз ету сапасы ерекше алаңдаушылық туғызады. Дегенмен, отандық өндірушілер барлық оқушыны мектеп формасымен толықтай қамтамасыз ете алатын және жергілікті бюджетке келіп түсетін салық түсімдерін көбейтетін күйде, тендерлер жеңімпаздары, негізінен, тапсырыстарын Қытайда немесе Түркияда орналастырады. Мектеп формасы нарығының көлемі жыл сайын 30,0 млрд. теңгеден астам. Сондықтан, отандық өндірістің мектеп формасы институты мәселесін пысықтау қажет деп санаймыз.

Сондай-ақ жақын уақытта ЕАЭО Қырғызстанды қосу нәтижесінде жеңіл өнеркәсіп саласының «Есеңгіреу терапиясынан» және ішкі нарықты арзан әрі сапасыз көпшілік қолданатын заттардан қорғау шараларын қолдану қажет.

Отандық тауар өндірушілерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу, өткізілетін тауарлардың қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды күшейту, сондай-ақ бұқпа сауда тауарларының көлеңкелі айналымын азайту және мемлекет Басшысының тапсырмаларын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығымен **«2015-2019 жылдарға арналған жеңіл өнеркәсіпті дамыту**

жөніндегі кешенді жоспар» (2014 жылғы 13 қазан) және **«2015 жылы Қазақстан Республикасында балалар тауарлары индустриясын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары»** (2014 жылғы 25 қараша) әзірленіп бекітілді.

8-слайд

Саланың орнықты дамуын және экономикалық қауіпсіздіктің 30% шекті деңгейін қамтамасыз ету үшін:

- тоқыма өнеркәсібінде—мақта талшығын өңдеу көлемін жыл сайын 10 мың тоннадан бастап **50,0** мың тоннаға дейін арттыру;

- былғары және оған тиесілі өнім өндірісінде - **700** млн. ш. дм. дейін өңдеуді арттыру, яғни, ІҚМ терісінің жыл сайынғы 70%-ына дейін;

- жүнді бастапқы өңдеу көлемін жаңа қуаттар енгізу есебінен жыл сайын **25,0** мың тоннаға дейін жеткізу қажет.

Кездескен қиындықтарға қарамастан, қолданылған мемлекеттік қолдау шараларының арқасында сала тұрақтандырылды және оң даму тренді бар.

Қызметі еліктеу үшін үлгі бола алатын кәсіпорындар жұмыс жасайды.

9-слайд

Балалар киімдерінің бренді бар «Mimioriki» Қазақстан Текстилайн компаниясы, Каз СПО-Н –балалар мен

ересектерге арналған спорттық киім «Zibroo», Семирамида –бас киімдер «LadyLike».South Textiline KZ компаниясы сияқты компаниялар, тіпті қазір дағдарыс уақытында тұрақты жүктемемен жұмыс істеуде және мақта-маталы иірілген және маталар шығарады.Олардың кейбіреулерінің өнімдерімен сіздер көрмедегі вестибюльде танысып, отандық өнімнің тамаша сапасын бағалай алдыңыздар.

Отандық өндірушілер нәтижесі қазақстандық тауарлар жеткізуге жасалған шарттар болып табылатын шетелдік көрме-жәрмеңкелерге тұрақты негізде қатысады:

- «Алматы былғары зауыты» АҚжәне «Можелит» АҚ (Беларусь);
- «Қуат ЛТД» ЖШС және «Смиловическая валяльно-войлочная фабрика» ААҚ (Беларусь);
- «Каз СПО-Н» ЖШС Ресейдің 10 өңіріне «ZIBROO» брендімен спорттық және тау шаңғысы киімдерін жеткізуге.

Алайда, отандық «Fashion retail» орнықты дамыту, танымал ету және ішкі нарықтағы сияқты, сыртқы нарықта да жеңіл өнеркәсіп өнімдерін мойындау үшін, «**QazBrands**» өзіндік бренді бар тігін кәсіпорындарын дамыту стратегиясын әзірлеу қажет.

10-слайд

11-слайд

12-слайд

Түркияның жеңіл өнеркәсіпті сәтті дамыту үлгісі ұлттық брендтерді мемлекеттік қолдау ішкі нарықта тауарлардың жоғары имиджін жасауға, түрік брендтерінің дүниежүзілік танымалдығын жасауға және 5 жылдың ішінде өндіру көлемін 2 есе арттыруға мүмкіндік бергендігін көрсетеді.

Құрметті депутаттар!

Бүгінгі күні барлығымызға жақын әрі түсінікті проблема талқыланады. Барлық проблеманы ашық талқылау нәтижесінде сіздердің ұсыныстарыңыз негізінде саланы өзінің жаңа даму деңгейіне шығаруға мүмкіндік беретін ұсынымдар әзірленетіндігіне және соның арқасында мемлекеттік органдар, ірі және шағын кәсіпорындар, ғылым, қаржылық құрылымдар арасындағы серпімді өзара іс-қимыл, ең алдымен, өңірлік деңгейде іске асырылатын салалық стратегиялар негізінде саланың орнықты дамуын қамтамасыз ететіндігіне сенімдімін.

Назарларыңызға рахмет!